

Нурғалиева Г.К., Айтбаева Қ.Б.

### **Ұйым түсімін үлестіруді талдау ерекшеліктері**

Қазіргі уақытта болып жатқан бүкіләлемдік экономикалық дағдарыс ұйымдардың өздерінің қаржылық қызметін дұрыс, ұтымды үлестіруді талап етеді. Себебі, осындай жағдайда әрбір шаруашылық субъектісі өз жолында кездесетін қиыншылыққа төтеп беріп, соған қарсы тұра алуы тиіс. Нарықтық экономика жағдайында ұйымның қызметкерлерінің материалдық және әлеуметтік мұқтаждықтарын қанағаттандыру және ұйымның өндірістік дамуы мақсатындағы ұйым үшін негіз болып табылатын коммерциялық қызметтің мәні үлкен. Нарықтық қатынастардың пайда болуы мен дамуына байланысты табыстылықты өсіру, пайданы жоғарылату және шығындарды азайту кез-келген ұйымның қызметінің негізгі мақсаты болып табылады. Мақалада ұйым мысалы негізінде жиынтық табыс туралы есептілік бойынша салық салынатын табыс есептеліп, оның ауытқулары анықталған. Салық салынатын табыстың өзгеру факторлары, яғни пайдаға әсер ететін ішкі және сыртқы факторлар туралы мәліметтер, таза пайданы бөлу ерекшеліктері қарастырылған. Сонымен қатар таза пайданы мақсаттық қорларға үлестіру жолдары көрсетілген.

**Түйін сөздер:** пайда, салық салынатын табыс, таза пайда, пайданың ішкі және сыртқы факторлары, мақсаттық қорлар.

Nurgalieva G.K., Aytbaeva K.B.

### **Features of the analysis of the distribution of company profits**

The global economic crisis has reached the present time requires that the company distributed its financial results optimally. Because in these situations, every business entity must confront and overcome all the difficulties encountered on the way. In a market economy it is important to meet the social and material needs of employees and the role of commercial activity which is the basis for the enterprise, the purpose of which is industrial development. In connection with the emergence and development of market relations increase profitability, increasing profits and reducing costs are the main purpose of the enterprise. In this paper, an example of one company is considered the calculation of taxable income on the basis of statements of comprehensive income, and identified deviations. There is given information about the internal and external factors of income that affect the amount of profit and especially the distribution of net profit. Describe the ways of distribution of net income to the trust funds.

**Key words:** income, taxable income, net income, internal and external factors of profit, trust funds.

Нурғалиева Г.К., Айтбаева К.Б.

### **Особенности анализа распределения прибыли предприятия**

Всемирный экономический кризис требует, чтобы предприятия распределили свои финансы оптимально. В такой ситуации каждый хозяйствующий субъект должен преодолеть и противостоять все трудности, возникшие на своем пути. В рыночной экономике очень важно удовлетворить социальные и материальные потребности работников компании. В связи с возникновением и развитием рыночных отношений увеличение доходности, повышение прибыли и уменьшение расходов являются основной целью деятельности предприятий. В данной статье на примере одной компании рассматривается расчет налогооблагаемого дохода на основе отчетности о совокупном доходе, а также определены отклонения. Даны сведения о внутренних и внешних факторах дохода, которые влияют на размер прибыли и особенности распределения чистой прибыли. Показаны пути распределения чистой прибыли на целевые фонды.

**Ключевые слова:** прибыль, налогооблагаемая прибыль, чистая прибыль, внутренние и внешние факторы прибыли, целевые фонды.

## **ҰЙЫМ ТҮСІМІН ҮЛЕСТІРУДІ ТАЛДАУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Бүгінде бүкіл әлем жаңа сындармен және қатерлермен бет-бет келіп отыр. Әлемдік экономика әлі де жаһандық қаржы-экономикалық дағдарыс салдарынан айыға қойған жоқ. Қалпына келу өте баяу және сенімсіз қадамдармен жүруде, ал кейбір жерлерде әлі құлдырау жалғасуда. Геосаяси дағдарыс пен жетекші державалардың санкциялық саясаты әлемдік экономиканы қалпына келтіруде қосымша кедергілер туындатуда. Осындай белгісіздік жағдайында шаруашылық субъектілерінің өз пайдаларын тиімді пайдаланып, оларды ұтымды бөлу маңызды болып табылады.

Нарықтық экономика жағдайында ұйымның қызметкерлерінің материалдық және әлеуметтік мұқтаждықтарын қанағаттандыру және ұйымның өндірістік дамуы мақсатындағы ұйым үшін негіз болып табылатын коммерциялық қызметтің мәні үлкен. Нарықтық қатынастардың пайда болуы мен дамуына байланысты табыстылықты өсіру, пайданы жоғарылату және шығындарды азайту кез-келген ұйымның қызметінің негізгі мақсаты болып табылады. Сондықтан, ХҚЕС-да табысқа арнайы стандарт арналған. Нарықтық экономиканың басты мәселелерінің бірі жеткілікті төлем қабілеттілік пен ұйым қызметінің жоғары табыстылық арасындағы тиімді балансты қолдау болып табылады. Табыстылық көрсеткіштері субъект шаруашылық қызметі барысында активтерге салынған әрбір теңгеден қанша пайда алатынын бағалауға мүмкіндік береді.

Ұйымның қаржылық тұрақтылығы мен табыстылығының көрсеткіштерін анықтай отырып, біріншіден, жекелеген қаржылық көздер баптарының консервациясын, ресурстарды жұмылдыруды және екіншіден, ұйымның нарықтағы жағдайын, бәсекеге қабілеттілігі мен оның табыстылығын бағалай аламыз.

Бұл мәселелерді шаруашылық субъектісі деңгейінде шешу үшін экономикалық талдауға үлкен рөл берілген. Экономикалық талдау шаруашылық субъектісінің ұзақ мерзімді активтер жөнінде стратегия түрін құрастыруға, шаруашылық субъектісінің даму стратегиясы мен тактикасын дамытуға, өндіріс тиімділігінің өсу резервтерін анықтауға және қызметінің нәтижесін бағалауға мүмкіндік береді. Экономикалық талдаудың көздері ретінде бухгалтерлік есептің синтетикалық және аналитикалық берілгендері мен қаржылық есептілік падаланылады.

Пайда бұрыннан белгілі категория – қазіргі заманғы мемлекеттік экономикалық даму шарттарында шаруашылық субъектілердің нақты тәуелсіздігінің құрылу жаңа мәніне ие болды. Нарықтық экономиканың басты қозғаушы күші ретінде ол мемлекеттің, меншік иелерінің және кәсіпорын қызметкерлерінің қажеттіліктерін қанағаттандырады.

Табыстардың шығындарға қарағанда, артуы ұйымның қойған мақсаттарына жетудегі және қызметінің тиімділігін арттырудағы талпынысын көрсетеді. Ұйымдар құрылған кезде өздерінің алдарына ең жоғары дәрежедегі табыс табу мақсатын қояды. Бұл кәсіпорынның негізгі өндірістік және әлеуметтік дамуының көзі болып табылады. Бұл принцип өнімді өндірудегі шығындардың ақталуын және кәсіпорынның өндірістік-техникалық базасының кеңеюіне негізделеді. Бұл әр кәсіпорын өзінің ағымдағы және күрделі шығындарын өзінің меншікті қаржы көздерінен жабатындығын білдіреді. Табыс есебінен, сондай-ақ кәсіпорынның бюджет алдындағы, банктер мен басқа да кәсіпорындар, ұйымдар алдындағы міндеттемелері орындалады.

Сонымен, пайда кәсіпорынның өндірістік және қаржылық қызметін бағалаудағы негізгі көрсеткіші болып табылады. Ол оның іскерлік белсенділігі мен қаржылық тұрақтылығын сипаттайды. Пайда бойынша авансталған қаржылардың қайтарымдылық деңгейі мен осы кәсіпорынның активтеріне салынған салымдардың табыстылығы анықталынады.

Мемлекеттің экономикасы нарық қатынастарына негізделіп құрылған жағдайда пайданың мағынасы көп аспектілі түрде күшейе түседі. Ұйымның акционерлік, жалдық, жеке және тағы басқа меншік түрі қаржылық тәуелсіздікті алғаннан кейін, бюджетке салықты және тағы басқа міндетті төлемдерді төлегеннен кейін қалған табысты қандай мақсаттарға және қандай көлемде жұмсау жөнінде шешімді өзі шешуге құқылы. Қазіргі жағдайларда табыс тұтынуға емес, ұйымның экономикалық өсімі мен бәсекелестікті қамтамасыз ететін инвестициялық, инновациялық мақсаттарға жұмсалады.

Нарықтық экономика жағдайында қаржылық нәтиже – пайданың рөлі атқаратын қызметтерімен анықталады. Егер ұйымдар табыс таппаса, экономиканың күйреуіне әкелетіндігі белгілі. Өйткені, пайда арқылы мемлекеттің бюджеті өсіп отырады; капиталдың айналымы өседі; өндіріс ұлғаяды; құрылтайшылар мен жұмысшылардың әлеуметтік және материалдық қажетті-

ліктері қанағаттандырылады; төлем қабілеттілік жоғарылайды.

Пайданың құрылуын тиімді және сапалы басқару – ұйымда осы басқарудың сәйкес ұйымдастырушы-әдістемелік жүйесінің, пайданың құрылуының негізгі механизмдерін білу, оны талдаудың және жоспарлаудың қазіргі заманғы әдістерін пайдалануы. Пайданың құрылуымен қатар, әр ұйымда пайданы бөлу тиімді басқару қамтамасыз етілуі керек. Сонымен бірге, бөлудің есепті кезеңдегі әр циклі бұл оның алдағы кезеңдегі жағымды жағдайлардың қамтамасыз етілуі мен ұйым дамуының стратегиялық мақсаттарын орындау.

Кәсіпкерлік қызметтің мақсаты – пайда табу ғана емес, оның шаруашылық қызметінің жоғары табыстылығын қамтамасыз ету. Абсолютті көрсеткіш – пайдаға қарағанда, табыстылық қатысты көрсеткіш және ұйымның табыстылық деңгейін көрсетеді.

Өндіріс тиімділігін көтеру үшін пайданы бөлу кезінде мемлекеттің, ұйымның және жұмысшылардың мүдделерінің қанағаттандыруда оңтайлылыққа қол жеткізілуі тиіс. Мемлекет бюджетке неғұрлым көп пайда алғысы келеді. Ұйым басшылығы пайданың көп сомасын өндірісті кеңейтуге бағыттағысы келеді. Жұмысшылар пайданы қолданудағы олардың үлесінің жоғарлағанына қызығушылық танытады.

Егер де мемлекет ұйымға үлкен көлемде салық салса, онда бұл өндірісті дамытуға ынталандырмайды, соның салдарынан өнім шығарылымы мен сату көлемі қысқарады. Сол сияқты пайданың бәрін ұйым акционерлеріне дивиденд ретінде төлесе де сондай жағдай орын алуы мүмкін. Бұл жағдайда негізгі өндірістік қорлар жаңарып отырмау себебінен, өнім өндірісі қысқаруы және меншікті айналым капиталы қысқарып, ол кезегінде ұйымның күйреуіне алып келуі мүмкін. Пайданы қолдануда дивидендтік төлемдердің үлесі азаятын болса, онда ұйымның инвестициялық тартымдылығының төмендеуіне алып келеді. Сондықтан да әрбір ұйымда пайданы бөлудің оңтайлы нұсқасы табылуы қажет. Мұнда шаруашылық қызметін талдау үлкен рөл атқарады.

Талдау барысында салық салынатын табыс көлемінің өзгеру факторларын, төленген дивидендтер сомасын, пайыздарды, пайдаға салынатын салықты, таза пайда көлемін, ұйым қорына аударымдарды зерттеу керек.

Салық органдары мен ұйымдар үшін салық салынатын табыс қатты қызықтырады, себебі, осыдан пайдаға салық сомасы, соған сәйкес таза пайда сомасы тәуелді.

Салық салынатын табысты айқындау үшін есепті кезең табысынан салық салғанға дейін мыналарды шегеру қажет:

- салық салу қажеттілігіне сәйкес түзету нәтижесінде пайда шамасының өзгеруі;
- арнайы мөлшерлемелер қолданылатын және төлем көзінен ұсталынатын бағалы қағаз-

дардан, біріккен ұйымдарда үлестік қатысудан және басқа да қаржылық операциялардан табысты;

- әрекет етіп жатқан заңнамаға сәйкес ұйымның салық жеңілдіктерінен пайда.

«АГС» ЖШС ұйымының негізінде қызмет нәтижесін үлестіруге мысалдар келтірейік.

**1-кесте** – «АГС» ЖШС ұйымының салық салынатын табысын есептеу

Көрсеткіш	Сомасы, мың тг		
	$t_0$	$t_1$	$\Delta$
Өнім өткізуден түсім	17900	19296	+1396
Инвестициялық қызметтен пайыздық кіріс	780	970	+190
Өзге операциялық табыстар мен шығыстар сальдосы	-180	-266	-86
Пайыздар мен салықтарды төлегенге дейін брутто табыстың жалпы сомасы	18500	20000	+1500
Төленуге пайыздар	-2748	-2950	-202
Салық салғанға дейінгі пайда	15752	17050	+1298
Салық салу қажеттілігіне байланысты түзетуден пайда сомасын азайту, арттыру	+120	+150	+30
Бағалы қағаздардан және сатудан тыс операциялардан пайда	780	970	+190
Пайдаға салықтан жеңілдіктер	292	210	-82
Салық салынатын табыс (6+7-8-9)	14800	16020	+1220

Кесте мәліметтері салық салынатын табыс сомасының 1220 мың тг артқанын көрсетеді. Оның сомасының өзгеруіне брутто табыстың қалыптасуының факторлары әсер етеді, оған қоса 5, 7,8 және 9 көрсеткіштер де ықпал етеді.

1-кестеден көрініп тұрғандай, салық салынатын табыс босату бағасының және жалпы сату көлеміндегі қымбат өнімдердің үлестік салмағының артуынан көбейді. Өнімнің өзіндік құнының өсуі, сату көлемінің азаюы, айыппұлдарды төлеу, қарыздарды есептен шығарудан зиян, төленген пайыздар сомасының артуы салық салынатын табыс сомасының азаюына алып келді.

Таза пайда ұйым Жарғысына сәйкес қолданылады. Соның арқасында өндірістік дамуды инвестициялау, ұйым акционерлеріне дивиденд төлеу, резервтік және сақтандыру қорлары жасалады. Таза пайданы бөлу кезінде капиталдандырылатын және қамтамасыз ету мақсатында оның қолданылатын сомаларының арасындағы оңтайлы бөліктерге қол жеткізу қажет:

Өндірістік даму мақсатында қажет инвестиция көлемін;

Ұйымның меншік иеленушілеріне инвестицияланатын капиталға қажетті табыстылық нормасы;

Пайданың бөлінуіне әсер ететін факторлар ішкі және сыртқы болып бөлінеді.

Сыртқы факторларға мыналар жатады:

– Құқықтық шектеулер (пайдаға салынатын салық мөлшерлемесі, резервтік қорға пайыздық аударымдар т.б. )

– Пайданы қайта инвестициялау кезіндегі салық жеңілдіктері жүйесі;

– Инвестицияланатын капиталға нарықтық пайда нормасы;

– Инвестициялық ресурстардың қалыптасуының сыртқы көздерінің құны.

Пайданы бөлу пропорциясына әсер ететін ішкі факторларға мыналарды жатқызамыз:

– Ұйымның рентабельділік деңгейі;

– Ұйымның портфелінде болашақта акционерлерге жоғары пайданы қамтамасыз ететін инвестициялық жобалардың болуы;

– Басталған инвестициялық жобаларды тездетіп аяқтау қажеттілігі;

– Төмен бағада тартылған ресурстар жағдайында меншік капиталдың ұлғаюына алып келетін қаржылық тәуекел мен факторлардың индикаторы болып табылатын қаржылық леверидж коэффициентінің деңгейі. Бизнесің табысты-

лығы мен тартылған ресурстар бағасының ара қатынасына қарап, ұйым капиталдандырылған пайданың үлесін көбейтіп немесе азайту арқылы оның деңгейін реттей алады.

- Инвестициялық ресурстардың қалыптасуының альтернативті ішкі көздерінің болуы;
- Ұйымның ағымдағы төлем қабілеттілігі.

Талдау барысында таза пайданы қолдану туралы мәліметтерді зерттеп және пайданы бөлу факторларын анықтау қажет.

Сонымен, кесте мәліметтері талданып отырған ұйымда дивиденд төлеуге пайданың 48%, резерв құруға – 10, инвестициялық бағдарламаға – 42% пайдаланылғандығын көрсетеді.

2-кесте – «АГС» ЖШС ұйымының салық салынатын табысының өзгеру факторлары

Фактор	Салық салынатын табыстың өзгеруі	
	Мың тг	%
1. Салық салғанға дейінгі табыс сомасының өзгеруі	+1298	106,4
1.1 өнімді сатудан пайда	+1396	114,4
1.1.1 өнімді сату көлемі	-158	-13
1.1.2 сатылған өнім құрылымы	+536	44
1.1.3 сатудың орташа бағасы	+3335	273,4
1.1.4 өнімнің өзіндік құны	-2317	-190
Оның ішінде өсім әсерінен:		
Ресурстар бағасы	-2118	-173,7
Ресурс сыйымдылығы	-199	-16,3
1.2 Өзге операциялық табыстар мен шығыстар сальдосы	-86	-7,1
1.2.1 алынған айыппұлдар мен пенялар	+80	6,5
1.2.2 төленген айыппұлдар мен пенялар	-106	-8,7
1.2.3 дебиторлық берешекті есептен шығарудан зиян	-20	-1,6
1.2.4 материалдық құндылықтардың жетіспеушілігінен және арзандауынан жоғалтулар	-40	-3,3
1.3 инвестициялық қызметтен пайыздық табыстар	+190	+15,6
1.4 төленуге пайыздар	-202	-16,6
2. салық салу мақсатында түзету нәтижесінде пайда сомасының өзгеруі	+30	+2,5
салық салу мақсатында түзету нәтижесінде пайда сомасының өзгеруі	-190	-15,6
3. арнайы мөлшерлеме бойынша салық салынатын пайданың өзгеруі	+82	+6,7
Жиыны	+1220	100,0

3-кесте – «АГС» ЖШС ұйымының таза пайдасын бөлу туралы мәліметтер, мың тг

Көрсеткіштер	$t_0$	$t_1$	+, -
1. Есепті кезеңнің таза пайдасы	11800	12650	+850
2. Пайданы бөлу:			
Дивидендтік төлемдер	5900	6072	+172
Резервтік қорға	1180	1265	+85
Капиталдық салымдарға	4720	5313	+593
3. Бөлінетін пайдадағы үлес:			
Дивидендтік төлем	50	48	-2
Резервтік қорға бағытталған пайда	10	10	-
Капиталданатын пайда	40	42	+2

Ұйымда салықтар мен дивидендтерді төлеп болғаннан кейін қалған пайда бөлінеді. Пайданың осы бөлігін бөлу ұйымның өндірістік және әлеуметтік даму қажеттіліктерін қаржыландыру

мақсатында қорлар мен резервтерді қалыптастыруды қажет етеді. Ұйым жарғысына сәйкес, оның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету және күтпеген шығындарды қаржыландыру

үшін жинақтау және тұтыну қорлары, сонымен бірге резервтік қорларды құру қажет.

Таза пайданы мақсаттық қорларға бөлу:

1) Жинақтау қоры: ғылыми-техникалық даму, әрекет етіп жатқан өндірісті қайта ұйымдастыруға қолданылады; банктің ұзақ мерзімді қарыздары мен пайыздарын өтеуге; айналым қаражаттарын арттыруға; басқа ұйымдардың жарғылық қорларына салым т.б.

2) Тұтыну қоры: маңызды жұмыстар атқарғаны үшін қызметкерлерді бір жолғы марапаттауға; бір жолғы көмек көрсетуге; тұрғын үйлерді, бала-бақшалардың құрылысы мен капиталды жөндеуіне; тамақтануға демеу қаржы үшін; мәдени-тұрмыстық және өзге де әлеумет-

тік бағыттағы шаралар қызметін жақсартуда қолданылады.

3) Резервтік қор: есепті кезеңде ұйым зиянын жабу; несиелі және қарыздар бойынша қысқа және ұзақ мерзімді берешектерді өтеу, оның ішінде акционерлік қоғамдар бойынша облигацияларды өтеу.

Қорытындылай келе, салықтарды және дивидендтерді өтеп болғаннан кейін қалған пайданы тиімді бөлу үшін ұйымда қорлар мен резервтер құрылуы тиіс. Пайданың қалған бөлігі әр құрылған қорлар мен резервтің мақсаттарына сәйкес жұмсалса, бұл тек сол ұйымның ғана емес, сонымен қатар, бүкіл елдің экономикалық өсуін қамтамасыз етеді.

#### Әдебиеттер

- 1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. – 2014.
- 2 Савицкая Г.В. Экономический анализ. – 11-изд., испр. и доп. – М.: Новое знание, 2005. – 651 с.
- 3 Дуйсенбаев К.Ш., Толегенов Э.Т., Жумагалиева Ж.Г. Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау. – Алматы: Экономика, 2001. – 330 с.

#### References

- 1 Kazakhstan Respublikasynin Prezidenti N.Nazarbaevtyn Kazakhstan khalkyna Zholdauy. – 2014 zh.
- 3 Sabitskaya G.B. Ekonomicheski analiz. – 11-izd., ispr. i dop. – M.: Novoe znanie, 2005. – 651 s.
- 3 K.Sh. Duisenbaev, E.T. Tolegenov, Zh.G. Zhumagalieva. Kasiporinnin karzhylyk zhagdaiyn taldau. – Almaty: Economica, 2001. – 330 s.